

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы "Алматы облысы мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы № 30 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 370 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің "Алматы облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылы 23 қаңтардағы №30 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылы 2 ақпанда №3014 тіркелген, 2015 жылы 30 наурызда "Жетісу" мен "Огни Алатау" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Алматы облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Л.М. Тұрлашовқа жүктелсін.

Облыс әкімі

А. Баталов